Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

МӘДЕНИ МҰРА

ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ

научный журнал

CULTURAL HERITAGE

science journal

ISSN: 2708-3365 (print)
ISSN: 3006-1377 (online)

№4 (111)

Астана
2025

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік	– саяси ғылымдарының кандидаты (алқа төрағасы) (Қазақстан)
ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы	– алқа төрағасының орынбасары,Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы	– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы	– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
ЖАБАҒИН Мақсат	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
СЫДЫҚОВ Айбек Жексеналыұлы	– PhD докторы (Қазақстан)
БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы	– PhD докторы (Қазақстан)
САБИТОВ Жаксылык	– PhD докторы (Қазақстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD докторы (Қазақстан)
ҚАРА Әбдуақап	– доктор, профессор (Түркия)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (АҚШ)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)
РАДИВОЖЕВИЧ Мильяна	– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Aibek Sydykov	– PhD (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА Акмарал Госмановна – заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожахметович – академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашевич – доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЙМУХАМБЕТ Жанат Аскербековна – доктор филологических наук, профессор (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ Улан Умиткалиевич – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

МЕРЦ Виктор Карлович – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ЖАБАГИН Максат – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

СЫДЫКОВ Айбек Жексеналыевич – PhD доктор (Казахстан)

БИГОЖИН Улан Зейноллаулы – PhD доктор (Казахстан)

САБИТОВ Жаксылык – PhD доктор (Казахстан)

ДЮПЮЙ Пауло – PhD доктор (Казахстан)

КАРА Абдуакап – доктор, профессор (Турция)

ШАМИЛЬОГЛУ Юлай – PhD, профессор (США)

АЙТПАЕВА Гулнара Амановна – доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)

Радивожевич Мильяна – PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Этнология / Ethnology / Этнология

Ахметжан Қ.С. Көшпелі халықтардағы жоғары әлеуметтік дәреже белгісі – жыға тағу дәстүрі
Ахметжан К.С. Традиция ношения джига – знака высокого социального статуса у кочевых народов
Akhmetzhan K.S. The tradition of wearing a zhiga as a sign of high social status among nomadic peoples..... 7

Атдаев С.Дж. Печать как символ власти в туркменском обществе XIX в.
Атдаев С.Д. Мөр – XIX ғасырдағы түрікмен қоғамындағы билік символы ретінде
Atdaev S.J. The seal as a symbol of power in the Turkmen society of the 19th century..... 27

Археология / Archaeology / Археология

Махмудова В., Алиев И. Некоторые украшения, обнаруженные в памятнике Хыналыг Губинского района
Махмудова В., Алиев И. Губин ауданының Хыналыг ескерткішінен табылған кейбір әшекей бұйымдар
Mahmudova V., Aliyev I. Some ornaments discovered at the Hynalyq site in the Guba district..... 37

Тарих / History / История

Артықбаев Ж.О. Әл-Идриси (XII ғ.) картасы және оны тәпсірлеу мәселесі
Артыкбаев Ж.О. Карта аль-Идриси (XII в.) и проблема её интерпретации
Artykbayev Zh.O. The map of Al-Idrisi (XII century) and the issue of its interpretation..... 48

Somfai Kara D. Edige and the Nogai epic tradition
Шомфаи Кара Д. Едіге және ноғай эпикалық дәстүрі
Шомфаи Кара Д. Едиге и ногайская эпическая традиция..... 71

Летунова Н.В. Опала и новая глава жизни третьего вождя СССР: Г.М. Маленков и Казахская АССР
Летунова Н.В. КСРО үшінші басшысының құғынға ұшырауы және өмірінің жаңа кезеңі: Г.М. Маленков және Қазақ АКСР-і
Letunova N.V. Disgrace and a new chapter in the life of the third leader of the USSR: G.M. Malenkov and the Kazakh ASSR..... 87

Крыгина Е.Д. Духовное завещание надворного советника А. И. Еникуцева как источник исторического исследования
Крыгина Е.Д. Сарай кеңесші А. И. Еникуцевтің рухани өсиеті тарихи зерттеу көзі ретінде
Krygina E.D. The spiritual testament of court counselor A. I. Yenikutsev as a source of historical research..... 102

Музей ісі / Museology / Музейное дело

Hanlin Y., Chengming Zh., Fan Zh. Cross-Cultural Storytelling in Museums: Research on Silk-Themed Exhibitions and Their Global Communication
Ханлин Я., Жанг Ч., Жао Ф. Музейлердегі мәдениетаралық баяндау: жібек тақырыбындағы көрмелерді және олардың жаһандық коммуникациясын зерттеу
Ханлин Я., Жанг Ч., Жао Ф. Межкультурное повествование в музеях: исследование выставок на тему шелка и их глобальной коммуникации..... 114

Калужников А.В. Реставрация естественно-исторических коллекций: изделия таксидермии птиц и млекопитающих
Калужников А.В. Жаратылыстану-тарихи коллекцияларды реставрациялау: құстар мен сүтқоректілердің таксидермиялық бұйымдары
Kaluzhnikov A.V. Restoration of natural history collections: taxidermy products of birds and mammals..... 126

Орынбекова А.Ө. Музейдің мәдени-білім беру қызметі: мазмұны мен түрлері
Оринбекова А.У. Культурно-образовательная деятельность музея: содержание и формы
Orinbekova A.U. Cultural and educational activities of the museum: content and forms..... 141

Этнология/ Ethnology/ Этнология

ҒТАМР 03.20; 03.81.27
https://doi.org/10.47500/2025.v24.i4.01

Ахметжан Қ.С.
Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты
Астана, Қазахстан
e-mail: kaliolla1@yahoo.com

КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТАРДАҒЫ ЖОҒАРЫ ӘЛЕУМЕТТІК ДӘРЕЖЕ БЕЛГІСІ – ЖЫҒА ТАҒУ ДӘСТҮРІ

Аңдатпа. Мақалада көшпелі түркі-монғол халықтарында қолданылған жоғарғы билік дәрежесінің рәміздік белгісі – құс қауырсындарынан жасалған, «жыға» деп аталатын бас киім әшекейінің қолдану дәстүрінің тарихы, ерекшеліктері зерттеледі. Мақсаты – жығаның қолдану тарихын жан-жақты зерттеу. Осы мақсатқа сәйкес зерттеу нысаны – жығаның пішінін, ерекшелігін, функциясын, қолдану аясын және таралу аймақтарын анықтау. Зерттеудің деректік негізі жазба және ауызша деректер, музейлік ескерткіштер, бейнелік (иконографиялық) материалдар.

Зерттеу нәтижелері үстем тап өкілдерінің бас киіміне айналдыра қауырсындар тағу дәстүрі көшпелі халықтарда біздің заманымызға дейінгі I мыңжылдықтың ортасында пайда болғанын көрсетеді. Бұл дәстүр орта ғасырларда түркілерде де сақталып, XIII-XIV ғасырларда монғолдарда да жалғасып, монғол империясында хандардың, тархандардың дәреже белгісі ретінде қолданылады. Шамамен XIV ғасырда бұл жоғары дәреже белгісінің өзгерген түрі – бас киімнің төбесіне не маңдайына шаншылатын бір-екі-үш қауырсыннан тұратын «жыға» пайда болды. XV-XVII ғасырларда биік әлеуметтік дәреже белгісі ретінде жыға тағу салты көшпелі түркі-монғол халықтары құрған мемлекеттердің бәрінде қолданыста болған. Хандық, сұлтандық дәреже белгісі ретінде жыға тағу дәстүрі Қазақ хандығында да жалғасып, қазақтарда XVIII ғасырдың аяғына дейін сақталып келді. Кейін қазақтарда хандық биліктің және кәсіби әскерилер болған батырлар әлеуметтік жігінің жойылуымен бұл дәстүр де жоғалып, «жыға» сөзінің мағынасы бүгінде ұмыт болды. Бұл зерттеу көшпелі халықтардың дәстүрлі әскери және билік символикасын зерттеушілерге түркі-монғол халықтарының билік рәміздерінің ерекшелігін, қолдану дәстүрін түсінуге пайдалы болады.

Кілт сөздер: Джикка, жыға, сұлтан, эгрет, әлеуметтік дәреже белгісі, хандық билік рәмізі.

Дәйексөз үшін: Ахметжан Қ.С. Көшпелі халықтардағы жоғары әлеуметтік дәреже белгісі – жыға тағу дәстүрі // Мәдени мұра. 2025. №4 (111). бб. 7-26 (қаз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2025.v24.i4.01

Кіріспе

Ерте заманнан бері көшпелі халықтарда өте жоғарғы дәрежелі үстем тап өкілдері – хандар, патшалар, қолбасшылар, әскербасылар өздерінің биік әлеуметтік статусының белгісі ретіндебаскиімдерінеқұсқауырсындары қолданылатын арнайы рәміздік айыру белгісін таққан. Көне космологиялық түсініктер бойынша аспанды мекен ететін құстар әміршілердің патшалық билігінің символына айналып, патшаның аспан әлемімен, құдайлар әлемімен байланысын, оның билігінің тәңіртектілігін (құдайлар құдіретімен санкциялануын) тұспалдады. Қазақ фольклорында басына патшалық биліктің киесі – «дәулет құсы» қонған адам ғана патша тағына отыру құқына ие болып, патша сайланатыны жиі айтылады. Сондықтан осы көне діни түсініктерге сәйкес, көшпелі халықтарда аспанды мекен ететін құстың қанаты, қауырсыны түрлі әлеуметтік, таптық т.б. жоғары дәрежелік айыру белгісі ретінде қолданылатын затқа айналып, оларды бас киімге тағатын дәстүр қалыптасты. Орта ғасырда Шығыста кеңінен таралып, тұрақты қолданыста болған мұндай жоғарғы билік белгісін «жыға» деп атады.

Жығаның ресми билік рәмізі ретіндегі ерекшелігі осы уақытқа дейін ғылыми еңбектерде арнаулы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмай келеді. Оның пішіні, конструкциясы, қолдану ерекшелігі, жыға тағу дәстүрінің даму тарихы, қолдану ареалы, қай халықтарда, қай елдерде қолданылды, таралған аймақтары сияқты мәселелер мүлде зерттелмеген. Осылардың бәрі бұл тақырыптың өзектілігін айғақтайды. Қазақ тарихи ғылымында көшпелі халықтардың ғұрыптық, әскери және билік рәміздері жүйесі бүгінге дейін тиянақты зерттелмей келе жатқан сала десек, артық айтқандық емес. Бұл жүйені зерттеу бірнеше ғылымдардың: тарих, археология, өнертану, лингвистика сияқты ғылым салаларын біріктіре кешенді талдауды қажет етеді. Әрине, айтылған ғылыми мәселелердің бәрін бір мақаланың аясында шешу мүмкін емес екені түсінікті. Дегенмен бұл мақаламыздың мақсаты, осы қағидаларды сақтай отырып, көшпелі халықтардың билік атрибуттары жүйесінің бір элементі – жоғарғы билік дәрежесінің рәміздік белгісі жығаны қолдану тарихын мүмкіндігінше жан-жақты зерттеу. Осы мақсатқа сәйкес зерттеу нысаны – жығаның пішінін, ерекшелігін, функциясын, қолдану аясын, таралу аймақтарын анықтау.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің деректік негізі жазба және ауызша деректер, музейлік ескерткіштер, бейнелік (иконографиялық) материалдар. Бұл рәміздік белгінің бас киімге қалай тағылғанын, оның пішінінің қалай өзгергенін зерделеуге, әсіресе, бейнелік материалдар көп деректер береді. Бейнелік материалдар ретінде түркі петроглифтері, Иран, Үндістан, Орта Азия миниатюралары, еуропалық өнер ескерткіштері қолданылды. Зерттеу барысында Шығыс миниатюраларын зерттеуге арналған ғылыми еңбектердің материалдары пайдаланылды (Медоев, 1979; Новгородова, 1984; Максимова и др, 1985; Полякова, Рахимова, 1987; Пугаченкова, Галеркина, 1979; The Jenghiz khan miniatures, 1963). Сонымен бірге патшалық, хандық дәреже белгісі ретінде бас киімдеріне жыға таққан әр халықтың әміршілерін бейнелейтін Еуропа суретшілерінің еңбектеріне

де сүйендік. Бұл иконографиялық материалдарды зерттеуде өнертанудың иконографиялық және иконологиялық әдістері негіз болды. Ортаазиялық жығалардың нақты пішіндерін зерттеуге музейлерде сақталған нұсқалары пайдаланылды (Абдуллаев и др, 1986; Museum of the Ethnography of the Peoples of the USSR, 1988; Государственный Эрмитаж). Бұл деректерді жазбаша және фольклорлық мәліметтер толықтырды (Прошлое Казахстан в источниках и материалах, 1997; Қазақ халық әдебиеті (а),1989; Қазақ халық әдебиеті (б), 1989; Лубсан Данзан, 1973). Осы түрлі тарихи дереккөздері – музейлік, бейнелік материалдар, жазбаша және ауызша мәліметтер өзара салыстыра, салғастыра кешенді талдау тәсілі арқылы зерттелді. Жан-жақты талдау барысында зерттеу нысанының тарихи даму процесі диахронды, синхронды түрде қарастырылды.

Парсы тілінде «жикка», «жига» сөзі «құстың төбесіндегі айдары» деген мағынаны білдіреді. Пішіні құстың төбесіндегі айдарға ұқсағандықтан солай аталған. Л.З. Будагов өз сөздігінде «жикка», «жыга» сөзі парсы сөзі екенін айтып, парсы шахтарының тәжге тағатын құс қауырсыны немесе қауырсын түрінде асыл тастардан жасалған әшекейі және осы сияқты әйелдер әшекейі деп түсіндіреді, мұны қазақтар «жыға шаншу» деп атайтынын жазады (Будагов, 1869: 437). XIX ғасырдың басынан қазақтарда хандық биліктің, онымен байланысты жоғарғы әскери билік – қолбасшылық лауазымның да жойылуымен жоғарғы әлеуметтік дәреженің айыру белгісі болған жыға да қолданыстан шықты. Өкінішке орай, бүгінде қолданылмайтындықтан, «жыға» атауының мағынасы ұмытылып, қазақ тілінде оны мүлде қате қолдану, мағынасын қате түсіндіру жиі кездеседі. Кейбір қазақ жазушыларының ғылыми-танымдық еңбектерінде «жыға» сөзін соғыста киетін бас киім немесе дулығаның жиегіне ілінетін темір торлы мойынжапқыш деп қате түсіндіруді кездестіреміз. Мысалы, Т. Әсемқұлов өзінің «Бастырма» деп аталатын мақаласында «Жыға дулығаның астынан киілетін бас киім. Түйе мен қой жүнінен араластырып иірген жіптен бірнеше қабаттап тоқылады» деп жазады (Әсемқұлов, 2009: 7). Жазушылардың осындай шығармаларынан бұл қате түсініктер кейін, өкінішке орай, арнаулы сөздіктерге де еніп кеткен. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» де осындай пікірлерге негізделіп, «жыға» сөзінің мағынасы «соғыста киетін бас киім» деп те қате берілген (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1979: 273). Бірақ оның қолданылуы туралы айтылғанда, «жыға» сәндік үшін «бас киімге шаншылатын құс қанаты немесе сол сияқты әшекей зат» деп те түсіндіріледі. Осы себептерге байланысты кезінде біз «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясына жыға туралы мақала жазғанбыз. Энциклопедияның форматына сәйкес мақалада бұл мәселе қысқаша ғана қамтылды (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017: 654-656). Сондықтан бүгінде осы мәселені қайтадан кеңінен талдау қажеттігі туындап отыр. Жазба және ауызша деректерді, иконографиялық материалдарды, музейлік заттық ескерткіштерді салғастыра, салыстыра кешенді зерттеу «жыға» деп аталатын жоғары әлеуметтік дәреже белгісінің мәнін, қолдану ерекшелігін, сыртқы формасы мен түрлерін, даму тарихын анықтауға, көшпелі халықтарда оны

қолдану дәстүрін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Талдау және нәтижелер

Археологиялық және иконографиялық материалдар жоғарғы әлеуметтік дәреже белгісі ретінде бас киімге айналдыра құс қауырсынын тағу салты сақ заманынан қолданыла бастағанын көрсетеді. Сақ заманына жататын Есік обасынан табылған «Алтын киімді адаммен» бірге көптеген әшекейлі алтын бұйымдар табылған болатын. Аңдардың, жануарлардың бейнелері салынған сондай заттардың ішінде көп қауырсынды бас киім киген адам басының бейнесі салынған жүзік те бар (Сур.1, 1). Көне көшпелілер өнер ескерткіштерінде мұндай бейненің кездесуі жалғыз емес. Біздің заманымызға дейінгі III ғасырға жататын, Қырымдағы скифтерге қатысты археологиялық материалдарда осындай бас киім киген адам бейнесі салынған күміс қапсырманы кездестіреміз (Степи европейской части СССР в скифо-сарматское время, 1989: 360, табл. 55, 18). Тек бұл затта адам басының бейнесі жүзік бетіндегідей қырынан емес, тура алдынан бейнеленген. Бұл екі бейненің ұқсастығы егіз баладай (Сур.1: 2). Көшпелілер мекен еткен ұлы даланың оңтүстігінде, Жетісу бойында тұрған сақтар мен батыстағы Қырымда өмір сүрген скифтерде мұндай бас киім киюдің бірдей кездесуі – оның көне көшпелілердің барлық тайпаларына кең тараған, қалыптасқан ортақ дәстүр екенін айғақтайды. Сақ-скиф әшекейлеріндегі осындай бас киім киген адам бейнесінің мәні осы уақытқа дейін түсіндірілмей келеді. Мұндай бас киім кию көшпелі халықтарға тән құбылыс па, әлде сырттан келген жат бейне ме? Мұндай бас киім киген адам кім болуы мүмкін деген сұрақтарға бүгінге дейін жауап берілген жоқ.

Бас киімге қауырсын тағу мифтік нанымнан, діни сенімнен туындаған ырымдық салт екенін жоғарыда айттық. Өзгермеген күйінде бұл ырымның қалдығы Сібірдегі түркі халықтарының (Тува, Алтай, Хакас) көне дін өкілдері – шамандардың бас киімінде сақталған (Сур.1: 3,4). Түркі халықтары шамандарының бас киімінде де қауырсындар оны басқалардан айыратын, оны аспан әлемімен байланыстыратын ерекше белгі болды. Шаманның киімі түркілердің көне дінімен байланысты ғұрыптық киім болғандықтан, онда бас киімнің көне формасы бергі заманға дейін өзгермей сақталып келді.

Есік обасынан табылған жүзіктегі сақ ханзадасының таңғажайып бейнесінің бас киімі Америкадағы үндіс халықтарының көсемдері киетін, олардың биік әлеуметтік дәрежесін көрсететін, құс қауырсындары айналдыра тізіліп тағылған ғұрыптық бас киіміне де ұқсайды (Сур.1: 5). Қазіргі ғалымдардың зерттеулерінде үндіс тілі мен көне түркі тілінің жақындығын ашып, мәдениеттеріндегі кейбір ұқсастықтарды тауып, американ үндістері мен Орталық Азияның көне көшпелілері арасындағы байланыстар туралы болжамдар айтылып жатыр. Яғни Америка континентіне көшкенде үндістер өздерінің Орталық Азияда қалыптасқан көне дәстүрлерін сақтап қалған деп жорамалдауға болады.

Енді сақ жүзігіндегі бейненің реконструкциясын жасап көрейік. Көне замандарда шығыста патшалар, үстем тап өкілдері дәреже белгісі ретінде бастарына матадан (кейде теріден) жасалған, дәрежесіне сәйкес металмен, асыл тастармен әшекейленген

«диадема» деп аталатын таспа (лента) тартып байлаған. Кейін оны, тұтастай металдан да жасап, алтын диадемалар пайда болды. Бұл диадемаларға түрлі ырымдық суреттер, әшекейлер салынып, алуан түрлі рәміздік белгілер тағылатын. Диадемалар жұмсақ теріге не матаға бекітіліп, екі ұшына бау тағылып, шашқа не бас киім сыртына байланды (Сур.1: 6). Түркі халықтарының шамандары да, Америка үндістерінің көсем-жауынгерлері де құс қауырсындарын осындай тері не мата таспабауға айналдыра бекітіп, түрлі ырымдық бейнелермен әшекейлеп, бастарына байлайтынын көреміз. Бәрінің де қолдану қызметі де, басқа киілу әдісі де бірдей (Сур.1: 3-5).

Ендеше сақтар да құс қауырсындарын жұмсақ теріден немесе матадан тігілген диадема түріндегі таспабауға орнатып, басына тартып, не бас киімнің сыртынан киген деп жорамалдауға толық болады. Жүзіктегі бейнеде адамның желке тұсын жауып тұрған бас киімнің шеті көрінеді. Құлақты жаппайтын, желкелігі ғана бар мұндай башлық, қалпақтарды сақ-скифтер де, түркілер де, монғолдар да киген. Шығыс миниатюраларында бейнеленген монғол ақсүйектерінің қауырсындарды тағып киген қалпақтарының көбі осындай желкелігі ұзын қалпақтар (Сур.2: 5,7,10,12). Жүзік бетіне салынған суреттегі адам да желкелігі бар, жұмсақ киізден башлық тәріздес жасалған қалпақ киіп, оның сыртынан қатарлап қауырсын орнатқан тері не мата таспа бауға бекітілген алтын әшкейлі диадема байлаған деп ойлаймыз (Сур.1: 7).

Ерте заманнан Шығыста мөр-жүзіктерге де патшалардың бейнесі салынатынын ескерсек, Есік обасынан табылған жүзікте де патша немесе өте жоғары дәрежелі әскербасы бейнеленген болу керек. Жүзіктегі адамның бас киімінде де, «алтын адамның» бас киімінде де қауырсындар тағылуын өзара байланыстырсақ, жүзіктегі сурет «алтын адамның» өз портреті болуы да ықтимал.

Енді тарихи уақытпен бері қарай жылжыйтын болсақ, Қазақстанда (Тамғалыда) табылған тастағы бір суретте осындай айналдыра қатарлап қауырсындар тақкан бас киім киген, малдас құрып отырған адам суретін кездестіреміз (Сур.2: 1). Петроглиф зерттеуші ғалымдар бұл бейнені көне заманғы тастағы суреттерде жиі кездесетін, басы сәуле шашқан дөңгелек түрінде салынатын күн құдайының шартты бейнесіне ұқсатып, «мифологиялық тәңір суреті» деп түсіндіріп жүр. Аталмыш суреттің стилистикасы, адамның басы, көзі, мұрны мен аузы көрсетілуі, киген киімі, оның жағасы, өңірі, белбеуі сияқты нақтылы реалдық детальдардың бейнеленуі, суреттегі мифтік құдай емес, нақтылы адам екенін, сурет уақыты жағынан көне заманға емес, орта ғасырға жататынын дәлелдейді. Бұл сурет көне түркі заманына жататын балбал тастардағы малдас құрып отырған түркі қағандарының мүсіндеріне ұқсас. Яғни бұл сурет түркі заманына жатады деп санаймыз. Ал, суреттегі адам бейнесі ханның не әскербасының суреті болуы мүмкін. Бұл бейне айналдыра көп қауырсын қадаған бас киім кию дәстүрі көшпелі халықтарда түркі заманында да сақталып келгенін куәләйді.

Бұлт салт көшпелі халықтарда кейін де жалғасты. Иконографиялық (бейнелік) материалдар жоғары биліктің дәреже белгісі ретінде әміршілердің бас киіміне қатарлап қауырсындар тағу салты XII–XIV ғасырларда моңғолдар арасында да сақталғанын көрсетеді.



Сур.1. Сақ-скиф кезеңіндегі айналдыра қауырсын қадаған бас киім түріндегі жоғары дәреже белгісінің қолданылуы: 1-Есік обасынан табылған жүзіктегі сурет. Б.з.д. V ғ; 2 – Қырымдағы скифтердің қапсырмасындағы сурет. Б.з.д. III ғ.; 3 – Сібір түркі халықтарының шаманы және оның ғұрыптық бас киімге қауырсындар тағу әдісі; 4 – Тува шаманының айналдыра қатарлап қауырсын таққан ғұрыптық бас киімі. С.П. Вайнштейннің суреті; 5 – американдық үндістердің Сиу тайпасы көсемінің ғұрыптық және дәрежелік бас киімге қатарлап құс қауырсындарын тағу дәстүрі; 6 – сақ-скифтердің шашқа, бас киімге рәміздік белгі ретінде таспабау, диадемалар байлау әдісі; 7 – бас киімге қатарлап айналдыра қауырсындар таққан сақ ханзадасының жүзіктегі бейнесінің реконструкциясы.

Fig. 1. Use of the high-rank insignia in the form of a headdress adorned with encircling feathers during the Saka–Scythian period:1 – Image on a ring found in the Issyk burial mound, 5th century BCE;2 – Image on a Scythian plaque from Crimea, 3rd century BCE;3 – A shaman of the Siberian Turkic peoples and the method of attaching feathers to ritual headdresses;4 – Ritual headdress of a Tuvan shaman with rows of feathers attached around the crown (photo by S. P. Vainshtein);5 – Tradition of attaching rows of bird feathers to the ritual and status headdress of a chief of the Sioux tribe of Native Americans;6 – Method of tying ribbons and diadems to hair or headdress as symbolic markers among the Saka–Scythians;7 – Reconstruction of the image on a ring of a Saka prince wearing a headdress adorned with encircling feathers.

Түркі-монғол тарихын жинап, жазып кеткен белгілі шығыс тарихшысы Рашид ад-Диннің шығармаларына салынған шығыс миниатюраларында (Иран, Моңғол, Орта Азия өнері), моңғол хандары (Шыңғыс хан, Үгедей хан, Хулагу және т.б.), жоғары дәрежелі сарай қызметкерлері айналдыра көп қауырсын таққан қалпақтармен бейнеленген (Сур.2: 4-12). Олардың бейнелерін Тамғалыдағы түркі петроглифімен салыстырсақ, өте жақын ұқсастықты байқауға болады (Сур.2: 2,3). Ал монғол хандары мен ақсүйектерінің қырынан, алдынан бейнеленген суреттерін сақ жүзігі мен скиф әшекейіндегі бейнелермен салыстырсақ еш айырмашылық көрмейміз (Сур.2: 4-9). Түркілердің тастағы суретіндегі адам бейнесін шығыс миниатюраларындағы



Сур.2. Орта ғасырларда түркі-монғол халықтарында бас киімге жоғарғы әлеуметтік дәреже белгісі ретінде айналдыра қатарлап құс қауырсындарын тағу дәстүрі: 1 - түркілердің тастағы суреттеріндегі бас киімге айналдыра қатарлап қауырсындар таққан адам бейнесі. Тамғалы. VI-VII ғғ.; 2 – тақта отырған Сұлтан Арғұн хан. Рашид ад-Диннің «Монғолдар тарихы» шығармасына салынған миниатюрадан. XV ғ.; 3 – тақта отырған Шыңғыс хан. Иран миниатюрасынан. XIV ғ.; 4-6 - бас киімге дәреже белгісі ретінде қатарлап қауырсындар таққан монғол ақсүйектерінің Шығыс өнерінде бейнеленуі; 7 – Хулагу ханның портреті. Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағына» салынған миниатюрадан. Иран. Тебриз, XIV ғ.; 8 – бас киіміне айналдыра қауырсындар таққан тархан бейнесі. «Шыңғыс хан алтын шатырында» миниатюрасынан. The Jengiz khan miniatures. XVI ғ.; 9 – айналдыра қауырсын таққан бас киім киген монғол ақсүйегі. «Маджму ат-Таварих» атты шығармаға салынған миниатюрадан. XV ғ.. Ага Хан музейі, Торонто; 10 – монғолдың ақсүйек сарай қызметкері. Рашид ад-Диннің «Джами ат-Таварих» шығармасына салынған миниатюрадан. Иран. 1430 ж.; 11 – қауырсын таққан тархан. Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағына» салынған «Бейжинді жеңу» миниатюрасынан. 1430 ж. Франция ұлттық кітапханасы; 12 – тақта отырған Хулагу хан. Рашид ад-Диннің «Джами ат-Таварих» шығармасына салынған миниатюрадан. Иран. 1430 ж.

Fig. 2. The tradition of attaching rows of bird feathers around the headdress as a marker of high social status among Turkic–Mongol peoples in the Middle Ages: 1 – Figure with feathers arranged in rows around the headdress in Turkic rock carvings. Tamgaly, 6th–7th cc.;2 – Sultan Arghun Khan seated on the throne. From a miniature in Rashid al-Din's "History of the Mongols", 15th century;3 – Chinggis Khan seated on the throne. From an Iranian miniature, 14th century;4–6 – Depictions in Eastern art of Mongol nobles wearing headdresses adorned with rows of feathers as insignia of rank;7 – Portrait of Hulagu Khan. From a miniature in Rashid al-Din's "Compendium of Chronicles". Iran, Tabriz, 14th century;8 – Image of a tarkhan wearing a headdress encircled with feathers. From the miniature "Chinggis Khan in the Golden Pavilion". "The Jengiz Khan Miniatures", 16th century;9 – Mongol noble wearing a headdress with encircling feathers. From a miniature in "Majmu' al-Tawarikh", 15th century. Aga Khan Museum, Toronto;10 – Mongol noble court official. From a miniature in Rashid al-Din's "Jami' al-Tawarikh". Iran, 1430;11 – Tarkhan with feathers. From the miniature "The Conquest of Beijing" in Rashid al-Din's "Compendium of Chronicles", 1430. National Library of France;12 – Hulagu Khan seated on the throne. From a miniature in Rashid al-Din's "Jami' al-Tawarikh". Iran, 1430.

монғол хандарының суреттерімен салыстырсақ та олардың отырысындағы, бейнелеу тәсіліндегі ұқсастықты байқауға болады. Бұл ұқсастықтар көшпелі халықтарда қауырсынды бас киім киетін адамдарды бейнелеуде қалыптасқан көркемдік канон (өзгертуге болмайтын бейнелеу дәстүрі) болғанын білдіреді. Бұл көркемдік каноннның сақталуы ол адамдардың қоғамдағы әлеуметтік орнының, дәрежелерінің маңыздығынан туындаған. Монғолдарда құс қауырсынын тағу адамның жоғары әлеуметтік дәреже белгісі ретінде қолданғаны туралы мәлімет XIII ғасырлардағы тарихи жазба дереккөздерінде де айтылады. «Алтын топшы» аталатын моңғолдардың өз жазба шежіресінде Шыңғыс хан монғол тайпаларын біріктіріп, үлкен мемлекет құрғаннан кейін, бұл іске үлкен еңбек сіңірген серіктеріне дәреже үлестіріп, ең сенімділеріне «дархан» (тархан) атағын бергенде, оларды «қауырсын тағушылар» деп атаған. Яғни, «тархан» дәрежесімен бірге оларға бас киімге қауырсын тағу құқы берілген. Тархан дәрежесі хан, патша дәрежесінен кейінгі екінші лауазым саналатын да, оның иегерінің тоғыз қылмысы кешіріліп, иелігіне жер не ұлыс берілетін, ал тархан дәрежесі ұрпақтарына мұрагерлікке қалатын (Лубсан Данзан, 1973). Яғни өнер және әдебиет деректері бас киімге айналдыра қауырсындар тағу дәрежесіне монғолда тек хандар және тархан атағы бар ақсүйектер, баһадүрлер ие болғанын айғақтайды. XIV–XV ғасырлардағы түркі, иран, монғол суреттерінде монғол хандары мен ханзадаларын, жоғары лауазымды ақсүйектерін осындай бас киіммен бейнелеуі сол заманғы суретшілердің бұл дәстүрді жақсы білгенін және ондай салттың шеті монғолдар арасында XV ғасырға дейін жеткенін дәлелдейді. Өнер ескерткіштерінде монғолдың хандары мен ханзадаларының және тархандарының бас киімінде (қалпақта) алғашқыда біркелкі қауырсындар тағылса, кейін қосымша маңдай тұсқа үлкен, әдемі қауырсындар тағылып, қауырсындардың басқа түрі бас киімнің жиегіне айналдыра қадалған. Дәл қандай құстың қауырсыны тағылғанын тап басып айту қиын. Бірақ Шығыста әдетте бас киімге тағуға құтанның, тырнаның, тауыстың, бүркіттің қауырсындары қолданылатын.

Адамның жоғарғы әлеуметтік статусының дәреже белгісі ретінде бас киімге айналдыра құс қауырсындарын тағукөшпелітүркі-монғолхалықтарында шамамен XIII–XIV ғасырларға дейін сақталып, кейін бұл дәстүр біршама өзгеріп, бас киімнің төбесіне не маңдайына шаншылатын, металдан жасалған әшекейлі түпке орнатылған бір-екі-үш қауырсындардан тұратын, «жыға» деп аталған үлгісімен ауысқан. Ал көп қауырсындар айналдыра тағылған бас киім кию дәстүрі түркі-монғол халықтарының көне дінінің өкілдері – шаман-бақсыларда ғана сақталып қалады. «Жыға» сөзі түркі тіліне парсы тілінен енген, соған қарағанда жоғары дәреже белгісінің жаңаша түрі алғашқыда Шыңғыс ханың ұрпағы билеген Хулагуидтер мемлекетінде пайда болған сияқты. Хулагуидтер мемлекетінде саяси билік көшпелі түркі-монғол ақсүйектерінің қолында болды, солар арқылы кейін дәреже белгісінің жаңа түрі монғол империясының құрамындағы басқа мемлекеттерге де ауысқан. Екі-үш қауырсынды жыға тағу дәстүрі Алтын Орданың халқы болған түркі халықтарына да сол кезеңде енген болу керек.

Бейнелік материалдар XV–XVII

ғасырларда дәреже белгісі ретінде билеушілердің жыға тағу салты кезінде монғол империясының құрамында болған, Жошы әулеті билеген Алтын Орда және оның мұрагерлері болған мемлекеттерде – Ноғай ордасы мен Қырым хандығында, Хулагу әулеті билеген Ирандағы Ильхан мемлекетінде (Сур.3), Шағатай әулеті билеген Орта Азия мемлекеттерінде (Сур.5) қолданыста болғанын куәләйді. XIV–XV ғасырларда Орта Азиялық түркі мемлекеттерінде қауырсын орнатылған сәнді жығаны хандар, әміршілер мен жоғары дәрежелі сарай қызметкерлері таққан. Орта Азиядан, Түркістаннан барған моғолдар арқылы бұл дәстүр Үнді еліне де еніп, XVI–XVIII ғасырларда



Сур.3. Билік дәреже белгісі ретінде Иран, Үндістан шахтары мен императорларының бас киімге жыға тағу әдісі: 1-3 - Иран шахтарының дәреже белгісі жығаны бас киімге, тәжге тағу әдістері. Иран миниатюралары бойынша; 4 – Шах Тахмасп I портреті. XVII ғ. Метрополитен музейі; 5 – жығалы тәж киген шах. Шах Тахмасптың Шахнамесіне салынған «Бақтағы мереке» миниатюрасынан; XVI ғ. Метрополитен музейі; 6,7 – моғол императорларының алтын жығалары; 8 – моғол императоры Шах Джахан. Моғол миниатюрасынан. 1650 ж. Лос-Анджелес округінің музейі; 9 - моғол императоры Аурангзеб. Моғолдар тарихына салынған миниатюрадан. Дели. 1860 ж.

Fig. 3. The method of attaching the jigha to the headdress as a symbol of authority among the shahs and emperors of Iran and India:1-3 – Methods of attaching the jigha to the headdress or crown as an insignia of rank among Iranian shahs, based on Iranian miniatures;4 – Portrait of Shah Tahmasp I, 17th century. The Metropolitan Museum of Art;5 – Shah wearing a crown adorned with a jigha. From the miniature “Garden Festivities” in Shah Tahmasp’s “Shahnameh”, 16th century. The Metropolitan Museum of Art;6, 7 – Golden jighas of Mughal emperors;8 – Mughal Emperor Shah Jahan. From a Mughal miniature, 1650. Los Angeles County Museum of Art;9 – Mughal Emperor Aurangzeb. From a miniature in a history of the Mughals. Delhi, 1860.

жығаны дәреже белгісі ретінде моғол императорлары мен ақсүйектері тақты (Сур.3: 6-9) (Ахметжан, 1996: 137-140).

Жығаның конструкциясына келетін болсақ, оның түбі өрнектелген, асыл тастардан көз салып әшекейленген, металдан (күмістен, алтыннан) жасалып, түбінің ұшы ине, түйреуіш түрінде болып (Сур.3: 7; Сур.4: 1,2; Сур.5: 1-6), сол түйреуіші арқылы жыға бас киімнің төбесіне, маңдайына, желкесіне немесе шеке тұсына шаншылды, қадалды. Сондықтан қазақ тілінде жығаны бас киімге бекіту әдісін білдіретін «жыға шаншыды», «жыға қадады» деген сөз тіркестері қолданылады. Осы түптің үстіңгі жағында түтікше болып, оған құстың бір, екі немесе үш қауырсыны орнатылды. Жығаға қырғауылдың, тырнаның, құтанның, түйеқұстың (страустың) қауырсындары қолданылған. Кейде жығалар сондай қауырсындар пішінінде түгелдей алтыннан да жасалып, асыл тастармен әшекейленген (Сур.3: 6,7; Сур.4: 5). Мұндай жығаны Шығыста «алтын жыға», «тіллә жыға» деп атады.

Тілләдан тақтым жығаны,
Алтындаттым доғаны.
«Хикаят Көрұғлы».

Адамның атақ, дәрежесіне қарай оның бас киімінде бір немесе екі жыға бірдей шаншылуы мүмкін.

Осман мемлекетінде де жыға түрік сұлтандарының дәреже белгісі ретінде олардың бас киіміне, үлкен шалмаларына, сәлделеріне шаншылды (Сур.4: 1-3). Ал түріктер арқылы бұл дәстүр Еуропа елдеріне де тарады да, бас киімдеріне жығаны дәреже белгісі ретінде румын, венгр, поляк корольдері (Сур.4: 7), бұл елдердің жоғары дәрежелі сарай қызметкерлері және Запорожье казактарының гетмандары тақты (Сур.4: 5,6). Олардың жығаларының пішіндерін музейде сақталған нұсқаларынан және бейнелеу өнерінен көруге болады. Еуропада жығаны «эгрет» деп атады. Француз тілінде «эгрет» сөзі парсының «жыға» сөзі сияқты «айдар» (тырнаның басының шоқ айдары) дегенді білдіреді. Әлеуметтік дәреже белгісі ретінде жыға тағу құқына әміршілердің, хан, патша, шахтардың әйелдері және ұл, қыз балалары (яғни ханзадалар, ханымдар, ханшайымдар) да ие болды. Әміршілердің жығасы, әдетте, басқалардікінен көлемімен және бай әшекейімен ерекшеленді.

Кейін түркі мемлекеттерінің ықпалында болған Орыс мемлекетінде орыс патшалары да жығаны дәреже белгісі ретінде бас киімдеріне шанышқан (Сур.4: 6). Хан-сұлтандардың дәреже белгісі болғандықтан орыс тілінде оны «сұлтан» деп атауы да бұл рәміздің түркі халықтарынан ауысқанын куәләйді, бұл атау орыс тілінде бүгінге дейін сақталып келді.

XVI-XIX ғасырларда жығаны Орта Азия мен Қазақстанды мекен еткен халықтардың әміршілер де тақты. Ортаазиялық жығалардың нұсқаларын музей қорларынан көруге болады (Абдуллаев, 1986:184. рис. 105; Museum of the Ethnography of the Peoples of the USSR, 1988: 114; Государственный Эрмитаж). Өзбектерде XIX ғасырда жыға үйлену тойы күні киетін күйеу жігіттің бас киімінің бір элементі болды. Оны күйеу жігіттің бас киіміне оралған шалмаға қадаған, себебі үйлену, некелесу кезінде күйеу жігіт символдық тұрғыда «хан», «шах» ретінде түсінілді. Күйеу жігітті «хан» деп атап, оның бас киіміне жыға тағу салты өзбектерде осы күндерге дейін сақталған (Костюм народов Средней Азии, 1979: 130, 161-162).

XV–XVIII ғасырларда қазақтың



Сур.4. Дәреже белгісі ретінде бас киімге жыға таққан әр халықтың әміршілері: 1,2 – осман түркі сұлтандарының жығасы, XVI ғ.; 3 – османлық сұлтан II Махмуд портреті, оның бас киіміндегі дәреже белгісі – жыға. XIX ғасырдағы еуропалық сурет; 4 – жыға таққан Қырым ханы Әділ Гирей. Мориц Ленгтің гравюрасынан, 1670 ж.; 5 – казак гетманы Б. Хмелницкийдің алтын жығасы. Украина, XIX ғ.; 6 – бас киіміне гетмандық дәреже белгісі ретінде жыға таққан Б. Хмельницкийдің портреті; 7 - әміршілік дәреже белгісі ретінде бас киімге жыға таққан поляк королі Стефан Баторий. XIX ғасырдағы гравюрасынан; 8 – жыға тағылған бас киім киген орыс патшазадасы. Гравер Жерар Жолленнің гравюрасынан, Франция, 1685 г.

Fig. 4. Rulers of various peoples wearing the jigha on their headdress as a symbol of rank:1, 2 – Jighas of Ottoman Turkish sultans, 16th century;3 – Portrait of Ottoman Sultan Mahmud II, with a jigha as the insignia on his headdress. European artwork, 19th century;4 – Crimean Khan Adil Giray wearing a jigha. From an engraving by Moritz Lang, 1670;5 – Golden jigha of the Cossack Hetman Bohdan Khmelnytsky. Ukraine, 19th century;6 – Portrait of Bohdan Khmelnytsky wearing a headdress adorned with a jigha as a hetman's rank insignia;7 – Polish King Stefan Batory wearing a headdress with a jigha as a symbol of authority. From a 19th-century engraving;8 – Russian tsarevich wearing a headdress adorned with a jigha. From an engraving by Gérard Jollain, France, 1685.

хандары да, батырлары да өздерінің қоғамдағы биік әлеуметтік статусының дәреже белгісі ретінде алтындап жыға таққанын бейнелік материалдар деректері, ауыз әдебиетінің мәліметтері куәләйді:

«Ғауазханның басына жыға, беліне тіллә кемер белбеу байлап, үстіне алтын қамқа кигізді». «Хикаят Көрұғлы». (Қазақ халық әдебиеті (4), 1989: 203).

Алтын жыға басында,
Баланың келді қасына.

«Орақ, Мамай» (Қазақ халық әдебиеті (б), 1989: 137)

Ат алып біз мінгенше,
Жыға алып басқа кигенше.



Сур 5. Орта Азия мен Қазақстанды мекен еткен көшпелі халықтарда бас киімге жоғары дәреже белгісі ретінде жыға шаншу дәстүрі: 1-3 – Орта Азиялық жығалар (1 - Ташкенттегі Өзбекстанның тарихи музейінің қорынан; 2,3 - Ресей этнографиялық музейі қорынан, XIX ғ.); 4-6 – ортаазиялық алтын жығалар (тіллә жыға). XIX ғ. Мемлекеттік Эрмитаж музейі қорынан, Ресей. XIX ғ.; 7 - тимурид әулетінің билеушісі Хусейн Байқараның (1469–1506) портретіндегі сәлдесіне шаншылған жыға. Иран. 1490 ж.; 8,9 – қалпақтарына жыға қадаған көшпелі өзбек-қазақ ақсүйектері. Иран миниатюраларынан. XVI ғ.; 10,11 – иран миниатюраларындағы кестелі мұрақтарына жыға таққан көшпелі өзбек-қазақ сұлтандарының бейнелері. XVI ғ.; 12-14 – көшпелі хандарының киіз қалпақтарында шаншылған жығалар (12 - қалпаққа тағылған жыға, Низамидің «Хамсесіне» салынған «Бахрам-Гур жасыл сарайда» миниатюрасынан. Бұқара, 1648 ж.; 13 – маңдайына жыға шанышқан киіз қалпақ киген көшпелі өзбек (қазақ) ханының бейнесі. Масуд ибн Осман-и Кухистанидің «Тарихи Абулхайр-хани» шығармасына салынған «Шыңғыс ханның Сырдария бойында ұлдарын қабылдауы» миниатюрасынан. Самарқант, 1540 ж. Рукопись ИВ АН УзССР; 14 – жығалы қалпақ киген көшпелі өзбек (қазақ) ханының бейнесі. Масуд ибн Осман-и Кухистанидің «Тарихи Абулхайр-хани» шығармасына салынған миниатюрадан. Самарқант, 1540 ж).

Fig. 5. The tradition of attaching the jigha to the headdress as a high-rank insignia among the nomadic peoples of Central Asia and Kazakhstan:1–3 – Central Asian jighas (1 – from the collection of the History Museum of Uzbekistan, Tashkent; 2–3 – from the collection of the Russian Museum of Ethnography, 19th century);4–6 – Central Asian golden jighas (tilla jigha). 19th century, from the collection of the State Hermitage Museum, Russia;7 – Jigha inserted into the turban of Husayn Bayqara (1469–1506), ruler of the Timurid dynasty. Iran, 1490;8, 9 – Nomadic Uzbek–Kazakh nobles with jighas fixed to their caps. From Iranian miniatures, 16th century;10, 11 – Nomadic Uzbek–Kazakh sultans wearing embroidered murak headdresses adorned with jighas, based on Iranian miniatures, 16th century;12–14 – Jighas inserted into felt caps of nomadic khans: 12 – Jigha attached to a cap, from the miniature “Bahram Gur in the Green Palace” in Nizami’s “Khamsa”. Bukhara, 1648; 13 – Portrait of a nomadic Uzbek (Kazakh) khan wearing a felt cap with a jigha placed at the forehead. From the miniature “Chinggis Khan Receiving His Sons on the Syr Darya” in Mas‘ud ibn Usman Kuhistani’s “Tārīkh-i Abūlkhayr-khān”. Samarkand, 1540. Manuscript of the Institute of Oriental Studies, Academy of Sciences of the Uzbek SSR; 14 – Nomadic Uzbek (Kazakh) khan wearing a felt cap with a jigha. From a miniature in Mas‘ud ibn Usman Kuhistani’s “Tārīkh-i Abūlkhayr-khān”. Samarkand, 1540.

«Нұрадын», 5 т. (Қазақ халық әдебиеті (б), 1989: 98).

XVI ғасырға жататын Иран, Орта Азия миниатюраларында кестеленген хандық мұрақтарына (Сур.5: 10,11), киіз қалпақтарына (Сур.5: 12-14) дәреже белгісі ретінде жыға шаншыған көшпелі өзбек-қазақ хандарының, сұлтандарының бейнелерін көруге болады (Сур.5: 8,9) (Пугаченкова, Галеркина, 1979: 104,176, рис. 60, рис 26; Полякова, Рахимова, 1987: фото 81). Қазақ тілінің лексикасында да бұл дәстүрдің жұрнақтары сақталған. Қазақ тілінде жығаның жоғарғы дәреже белгісі ретіндегі қызметіне және одан туындаған дәстүрлі ұғым-түсініктерге байланысты бірнеше тұрақты фразеологиялық тіркестер қалыптасқан. Ана тіліміздегі «дәрежесін танымады, дәл кім екенін білмеді» деген түсінікті білдіретін «*жыға танымады*», «дәрежесі төмендегенде» дегенді білдіретін «*бастан жыға қисайғанда*» деген фразеологиялық тіркестер де жығамен дәреже белгілеу қазақтарға терең сіңген дәстүр екенін дәлелдейді (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1979: 273).

Жоғарғы биліктің дәреже белгісі болғандықтан патшалар, хандар, қолбасылар, атақты батырлар соғыс кезінде жығаны жауынгерлік дулығаларға да қадады. Сол арқылы дулығалар қорғаныс функциясымен қоса адамның дәрежесін белгілеу функциясын да атқарды (Ахметжанов, 1996: 139-140). Дулығаға жыға тағу дәстүрі де түркі заманынан қолданылғанын иконографиялық деректер куәләйді. Төбелеріне бір немесе екі қауырсынан жыға қадаған дулыға киген жауынгерлер бейнесін түркілердің тастағы суреттерінен көреміз (Сур.6: 1, 2) (Медоев, 1979: рис. 55, 58). Осылайша дулығаларының төбелеріне бір немесе екі қауырсынды жыға қадаған ақсүйек жауынгерлер бейнелерін ортағасырлық шығыстық миниатюраларда да көруге болады (Сур.6: 3-7). Жығалар дулығаның төбелдірігінде, кейде дулығаның маңдайында немесе маңдайында да, төбесінде де арнайы орнатылған түтікшелерге шаншылды.

Әскербасылық белгі ретінде дулығаның екі шекесіне арнаулы түтікшеге бүркіттің екі ұзын қауырсынын тағу да – жыға тағу дәстүрінің бір үлгісі деуге болады. Бұл дәстүрдің де түркі заманынан қолданылғанын түркілердің петроглифтерінде кездесетін, дулығаның екі шекесіне екі қауырсын қадаған батырлар бейнелері куәләйды (Сур.6: 8) (Новгородова, 1984: 132, рис. 60). Иранда шекелерінде осындай құс қауырсындарын тағуға арналған екі түтікшелері бар дулығалар түрі «кулах-худ» деп аталып, олар әскербасыларға арналған арнаулы дулығалар үлгісі болды. Осы үлгідегі шығыс дулығалары көптеген музей қорларында кездеседі, мысалы, осындай дулығаның алтындалған бір нұсқасы ҚР ОММ қорында да бар (Сур.6: 10). Осындай дулыға киген қыпшақ жауынгері поляк суретшісі Я. Матейконың картинасында бейнеленген (Сур.6: 11).

Қазақ батырлары да дәреже белгісі ретінде дулығаға жыға таққанын ауыз әдебиетінің деректері куәләйді.

Сауыт кидік, саф алтыннан жығамыз,
Ерегіссек майданда ойран саламыз.
«Хикаят Көрұғлы».

Тіллә жыға басымда,
Қырық жігіт қасымда,
Көкке найза біледік.
«Хикаят Көрұғлы». (Қазақ халық әдебиеті (а),1989:171,173).

Ат алып біз мінгенше,
Жыға алып басқа кигенше.
«Нұрадын», (Қазақ халық әдебиеті



Сур.6. Жауынгерлік дулығаға жыға тағу дәстүрі: 1,2 - дулығаға қауырсын таққан түркі жауынгерлері. Тастағы суреттер. Теректі, Тамғалы. VI-VIII ғғ.; 3-7 – шығыс миниатюраларында дулығаға тағылған жығалар бейнелері; 8 – петроглифтегі дулығасына екі қауырсын таққан түркі батырының бейнесі. VI-VII ғғ. Хара-Хад. Монғолия; 9 – шекесіне екі қауырсын қадаған дулыға киген жауынгер. XVI-XVII ғғ. Иран миниатюраларынан; 10 – шекесінде қауырсын тағуға арналған түтікшелері бар алтын дулыға. ҚР Орталық мемлекеттік музейі қорынан; 11 – екі шекесіне қауырсын қадаған дулыға киген қыпшақ әскербасысы, поляк суретшісі Я. Матейконың картинасынан.


Fig. 6. The tradition of attaching the jigha to the warrior's helmet:1, 2 – Turkic warriors with feathers attached to their helmets. Rock carvings from Terekty and Tamgaly, 6th–8th centuries;3–7 – Depictions of jighas attached to helmets in Eastern miniatures;8 – Image of a Turkic hero with two feathers fixed to his helmet. Petroglyphs of Khara-Khad, Mongolia, 6th–7th centuries;9 – Warrior wearing a helmet with two feathers inserted at the sides. From Iranian miniatures, 16th–17th centuries;10 – Golden helmet with tubes for attaching feathers at the temples. From the collection of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan;11 – Kipchak military commander wearing a helmet with two feathers at the temples. From a painting by the Polish artist Jan Matejko.

(б),1989: 98).

Орыс авторларының жазбаларында да қазақ батырларының да дулығаға шаншылған жыға дәрежелік айыру белгісі болғаны айтылады. «Кейбір батырлар жорыққа сауытпен шығады. Олар – негізінде әскербасылар, оларды бас киіміндегі ерекше қауырсындардан айырады» (Прошлое Казахстана в источниках и материалах, 1997: 236). Соғыс кезінде жығаның дулығаға шаншылуынан туындаған қазақ тіліндегі «жығасын жықты», «жығасын түсірді» деген фразеологиялық сөз тіркестері – «жауды жеңді, бағындырды» дегенді мағыналады.

Биік лауазым белгісі болғандықтан, әдетте, жыға патшаның, қолбасшының дәрежесін көрсететін рәміз ретінде олардың атына да тағылды. Хандардың, қолбасшылардың аттарына тағылатын «қауырсын жыға» жүгеннің қосымша желкелік бауына орнатылған металл түтікшеге қадалып, ат басының төбесінде тұрды. Мұндай жыға қадаған тұлпар мінген батырлар бейнесі түркілердің тастағы суреттерінде де бейнеленеді (Сур.7: 1) (Медоев, 1979: рис 61). Патшалар, батырлар мінген, осындай жыға қадаған тұлпарлар бейнесін шығыс халықтарының өнер ескерткіштерінен көруге болады (Сур.7: 2,3). Мысалы, түрік сұлтандарының, иран шахтарының, орыс патшаларының, ортаазиялық хан, әмірлердің аттарында басындағы жүгенге осылай жығалар орнатылған. Петроглифтегі суретті атқа тағылған жыға бейнесін көрші халықтарда қолданылған атты жығалармен салыстырсақ, көшпелілердің атқа таққан жығаларын көз алдымызға елестете аламыз. Әдетте, жыға тағылған баудың астыңғы ұшына қылдан шоқ немесе жібектен шашақ тағылған.

Сөзіміздің соңында қазақтардың бас киімге «жыға» тағу дәстүрін құс қауырсынын тағудың тағы бір түрі – «үкі тағу» дәстүрімен шатастырмау керек екенін айта кетейік. Бұл екі дәстүр түрі бір-бірінен өздерінің қызметімен (функциясымен), соған сәйкес қолдану



Сур.7. Аттың басына биік дәреже белгісі ретінде жыға тағу дәстүрі: 1 – атының басына жыға таққан жауынгердің түркі петроглифіндегі бейнесі. Тамғалы. VIII ғ.; 2,3 – осындай әдіспен аттың басына жыға тағылған жауынгерлік аттың шығыс миниатюрасындағы бейнелері. XV-XVII ғғ.; 4 – жүгенінің төбесіне жыға орнатылған орыс патшасының аты, XIX ғ. орыс гравюрасынан.

Fig. 7. The tradition of attaching the jigha to the horse's head as a symbol of high rank:1 – Image of a warrior whose horse bears a jigha on its head. Turkic petroglyph from Tamgaly, 8th century;2, 3 – Depictions of warhorses with a jigha fixed to the head in Eastern miniatures, 15th–17th centuries;4 – Horse of a Russian tsar with a jigha mounted on the top of its bridle. From a 19th-century Russian engraving.

ерекшелігімен айрықшаланады. Егер «жыға тағу» биік әлеуметтік дәрежені белгілеу болса, «үкі тағу» қорғау магиясымен байланысты, сыртқы қауіп-қатерден сақтайтын магиялық қорғағыш зат қызметін атқарды. Егер жығаны қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік биік дәрежесі бар адамдар ғана қолданса, үкіні магиялық қорғағыш зат ретінде кез келген адамға, үлкенге де, жас балаға да, еркекке де, әйелге де, тіпті затқа да (мысалы, домбыраға, бесікке) таға береді. Сондықтан көне магиялық наным-сенімдердің реликті болып «үкі тағу» салты қазақтарда бүгінге дейін сақталып келе жатса, қызметінің жоғалуымен «жыға тағу» дәстүрі қолданыстан шыққан.

Қорытынды

Сонымен, сөзімізді түйіндейтін болсақ, биік әлеуметтік дәреженің айыру белгісі ретінде өте жоғары лауазымды үстем тап өкілдерінің бас киіміне айналдыра қатарлап қауырсындар тағу дәстүрі көшпелі халықтарда біздің заманымызға дейінгі I мыңжылдықтың ортасында пайда болды. Көне заманда көшпелі халықтарда пайда болған бұл дәстүр орта ғасырларда түркілерде де сақталып, XIII-XIV ғасырларда монғолдарда жалғасып, монғол империясында хандардың, тархандардың дәреже белгісі ретінде қолданылады. Монғолдарда кейін бір немесе екі түрлі құстың үлкен, әдемі қауырсындары бас киімнің (бөріктің, қалпақтың) маңдай тұсына шаншылып, басқалары бас киімнің жиегіне айналдыра бекітілді. Бас киімге бұлай қауырсын тағу құқын билеушілер еңбегі сіңген адамға белгілі бір жоғары дәрежемен, атақпен марапаттау барысында беретін болған. Шамамен XIV ғасырда бұл жоғарғы әлеуметтік дәреже белгісінің жаңа түрі – бас киімнің төбесіне не маңдайына шаншылатын бір-екі-үш қауырсыннан ғана тұратын «жыға» қолданыла бастады. XV-XVII ғасырларда биік әлеуметтік дәреже белгісі ретінде жыға тағу салты түркі-монғол халықтары құрған Алтын Ордада, Хулагуидтер мемлекетінде, Ноғай ордасы мен Қырым хандығында, Осман мемлекетінде, Моғол империясында және Орта Азия мемлекеттерінде қолданыста болған. Осы мемлекеттер арқылы бұл дәстүр олардың ықпалында болған Европа елдерінде, орыс мемлекетінде қолданысқа енеді. Адамның жоғары әлеуметтік мәртебесінің айыру белгісі ретінде жыға билеушілердің, ақсүйектердің бас киіміне де, соғыс кезінде жауынгерлік дулығасына да, атына да тағылған. Хандық, сұлтандық дәреже белгісі ретінде жыға тағу дәстүрі Қазақ хандығында да қолданыста болып, қазақтарда XVIII ғасырға дейін сақталды. Орыс боданына түскеннен кейін қазақтарда хандық биліктің және кәсіби әскерилер болған батырлар әлеуметтік жігінің жойылуымен бұл дәстүр де жоғалып, «жыға» сөзінің мағынасы, жыға тағу дәстүрі бұл күнде ұмыт болған. Бұл мақала жұртшылыққа «жыға» сөзінің мәнін, оның қолдану дәстүрін, тарихын дұрыс түсінуге көмектесер деп үміттенеміз.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған фундаменталды ғылыми зерттеулер бағдарламасы аясында орындалды (IRN: BR20280993).

Әдебиет

1. Абдуллаев Т., Фахретдинова Д., Хакимов А., 1986. Песнь в металле: Народное искусство Узбекистана. Ташкент. 252 с.
2. Ахметжанов Қ.С., 1996. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). Алматы. 256 б.
3. Әсемқұлов Т., 2009. Бастырма. Жас Қазақ. Ұлттық апталық. №2. 7 б.
4. Бес ғасыр жырлайды. 1984. Т.1. Алматы. 256 б.
5. Будагов Л.З., 1869. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий в двух томах. Т.1. Санкт-Петербург. 816 с.
6. Вайнштейн С.П., 1991. Мир кочевников центра Азии. Москва. 296 с.
7. Костюм народов Средней Азии. 1979. Москва. 240 с.
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1979. 4 том. Алматы. 672 б.
9. Қазақ халық әдебиеті(а). 1989. Т.4: Көрұғлы. Алматы. 400 б.
10. Қазақ халық әдебиеті(б).1989. Т.5: Батырлар жыры. Алматы. 384 б.
11. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 2017. Алматы. 848 б.
12. Лубсан Данзан, 1973. Алтан тобчи («Золотое сказание»). Москва. 440 с.
13. Максимова А., Ермолаева А., Марьяшев А., 1985. Наскальные изображения урочища Тамгалы. Алма-Ата. 144 с.
14. Медоев А.Г., 1979. Гравюры на скалах. Сары-Арка, Мангышлак. Ч.1. Алма-Ата. 174 с.
15. Новгородова Э.А., 1984. Мир петроглифов Монголии. Москва. 168 с.
16. Полякова Е.А., Рахимова З.И., 1987. Миниатюра и литература Востока: Эволюция образа человека. Ташкент. 288 с.
17. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. 1997. Алматы. 383 с.
18. Пугаченкова Г., Галеркина О., 1979. Миниатюра Средней Азии в избранных образцах (из советских и зарубежных собраний). Москва. 208 с.
19. Сайт «Государственный Эрмитаж». [Электронды ресурс]. URL: https://www.hermitagemuseum.org/?lng=ru
20. Степи европейской части СССР в скифо-сарматское время. 1989. Москва. 464 с.
21. Museum of the Ethnography of the Peoples of the USSR. Jewellery. 1988. Leningrad. 168 p.
22. The Jenghiz khan miniatures from the court of Akbar the Great. 1963. London. plates 35. 44 p.

References

1. Abdullaev, T., Fakhretdinova, D., Khakimov, A., 1986. Pesn v metalle: Narodnoe iskusstvo Uzbekstana [A Song in Metal: The Folk Art of Uzbekistan]. Tashkent. 252 p. [in Russian]
2. Akhmetzhanov, Q.S., 1996. Zhagan temir kigender (batyrlardyn qaru-jaraghy, askeri oneri, salt-dasturleri) [Those Armored in Forged Iron (the weaponry, military art, and customs of warriors)]. Almaty. 256 p. [in Kazakh]
3. Asemqulov, T., 2009. Bastyrma. Zhas Qazaq [Press. Young Kazakh.]. Ulttyq aptalyq. No. 2. 7 p. [in Kazakh]
4. Bes ghasyr zhyrlaidy [Five centuries sings]. 1984.Vol. 1. Almaty. 256 p. [in Kazakh]
5. Budagov, L.Z., 1869. Sravnitelnyi slovar turetsko-tatarskikh narechii v dvukh tomakh [Comparative dictionary of Turkish-Tatar dialects in two volumes]. Vol. 1. St. Petersburg. 816 p. [in Russian]
6. Vainshtein, S.P., 1991. Mir kochevnikov tsentra Azii [The world of the nomads of Central Asia]. Moscow. 296 p. [in Russian]

7. Kostyum narodov Srednei Azii [Costume of the peoples of Central Asia]. 1979. Moscow. 240 p. [in Russian]
8. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. 1979.Vol. 4. Almaty. 672 p. [in Kazakh]
9. Qazaq halyq adebieti (a) [Kazakh folk literature (a)]. 1989.Vol. 4: Korugly. Almaty. 400 p. [in Kazakh]
10. Qazaq halyq adebieti (b) [Kazakh folk literature (b)]. 1989. Vol. 5: Batyrlar zhiry. Almaty. 384 p. [in Kazakh]
11. Qazaqtyn etnografiyalyq kategoriialar, ugymdar men ataularynyn dasturli juiesi [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. 2017. Almaty. 848 p. [in Kazakh]
12. Lubsan Danzan, 1973. Altan tobchi ("Zolotoe skazanie") [Altan tobchi ("The Golden Legend")]. Moscow. 440 p. [in Russian]
13. Maksimova, A., Ermolaeva, A., Maryashev, A., 1985. Naskal'nye izobrazheniya uroshcha Tamgaly [Rock paintings of the Tamgaly tract]. Alma-Ata. 144 p. [in Russian]
14. Medoev, A.G., 1979. Gravjury na skalakh. Sary-Arka, Mangyshlak [Rock engravings. Sary-Arch, Mangyshlak]. Part 1. Alma-Ata. 174 p. [in Russian]
15. Novgorodova, E.A., 1984. Mir petroglyphov Mongolii [The world of petroglyphs of Mongolia]. Moscow. 168 p. [in Russian]
16. Polyakova, E.A., Rakhimova, Z.I., 1987. Miniatyura i literatura Vostoka: Evolyutsiya obraza cheloveka [Miniature Art and Literature of the East: The Evolution of the Human Image]. Tashkent. 288 p. [in Russian]
17. Proshloe Kazakhstana v istochnikakh i materialakh [Kazakhstan's past in sources and materials]. 1997. Asfendiyarova, S.D., Kunte, P.A. (eds.). Almaty. 383 p. [in Russian]
18. Pugachenkova, G., Galerkina, O., 1979. Miniatyura Srednei Azii v izbrannykh obraztsakh (iz sovetskikh i zarubezhnykh sobranij) [Miniature of Central Asia in selected samples (from Soviet and foreign collections)]. Moscow. 208 p. [in Russian]
19. Gosudarstvennyi Ermitazh [State Hermitage Museum]. Official website. [Electronic resource]. URL: https://www.hermitagemuseum.org/ [in Russian]
20. Stepi evropeiskoi chasti SSSR v skifo-sarmatskoe vremya [The steppes of the European part of the USSR in the Scythian-Sarmatian period]. 1989. Moscow. 464 p. [in Russian]
21. Museum of the Ethnography of the Peoples of the USSR. Jewellery. 1988. Leningrad. p. 168.
22. The Jenghiz Khan miniatures from the court of Akbar the Great. 1963. London. Plates 35, p. 44. [in English]

Ахметжан К.С.
Институт археологии им. А. Х. Маргулана
Астана, Казахстан
e-mail: kaliolla1@yahoo.com

ТРАДИЦИЯ НОШЕНИЯ ДЖИГА – ЗНАКА ВЫСОКОГО СОЦИАЛЬНОГО СТАТУСА У КОЧЕВЫХ НАРОДОВ

Аннотация. Статья посвящена исследованию истории применения у кочевых тюрко-монгольских народов голвного украшения «жига» из птичьих перьев, как символического знака высокого социального статуса. Цель – комплексное изучение особенностей применения головного украшении «жига». Предметом исследования стало изучение формы, функции «жига», определение хронологии и территории его применения, регионов распространения. Источниковая база исследования письменные и фольклорные сведения, музейные вещественные памятники и иконографические материалы.

Традиция ношения птичьих перьев, прикрепленных в круговую на головном уборе, как знака высокого общественного статуса сложилась у кочевых народов в середине I-тысячелетия д.н.э. Эта традиция сохранилось и у древних тюрков, продолжало существовать в XIII-XIV у монголов и применялась для обозначение высокого статуса ханов и тарханов. Примерно в XIV веке появляется новый измененный вид «жига» в виде одного-двух или трех больших птичьих перьев, прикрепляемый на макушке или лобной части головного убора правителя. В XV-XVII веках традиция ношения жига как знака высокого социального статуса существовала во всех тюрко-монгольских кочевых государствах. Обычай ношения жига как ханского, султанского и полководческого символического атрибута существовал в Казахском ханстве, сохранившись у казахов до конца XVIII века. Впоследствии с ликвидацией ханской власти, с исчезновением института батырства, значения слова «жига» и традиция его ношения были полностью забыты. Данное исследование будет полезным для исследователей традиционной военной и властной символики кочевых народов.

Ключевые слова: Джикка, жига, султан, эгрет, знак социального статуса, символ ханской власти.

Для цитирования: Ахметжан К.С. Традиция ношения джига – знака высокого социального статуса у кочевых народов // Мәдени мұра. 2025. №4 (111). С. 7-26 (каз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2025.v24.i4.01

Akhemtzhan K.S.
Institute of Archeology named after A.Kh. Margulan
Astana, Kazakhstan
e-mail: kaliolla1@yahoo.com,

THE TRADITION OF WEARING JIGHA – A SYMBOL OF HIGH SOCIAL STATUS AMONG NOMADIC PEOPLES

Abstract. The article examines the history of the jigha, a feathered headdress ornament used by nomadic Turkic-Mongol peoples as a symbolic marker of high social status. The aim is to provide a comprehensive study of the features and functions of the jigha. The research focuses on its form, purpose, chronology, areas of use, and regions of distribution. The source base includes written and folkloric accounts, museum artifacts, and iconographic materials.

The circular attachment of bird feathers to the headdress emerged among nomadic peoples in the mid-1st millennium BCE, continued among the early Turks, and remained in use among Mongols in the 13th–14th centuries to mark the authority of khans and tarkhans. By the 14th century, a new form appeared — one to three large feathers fixed to the crown or forehead of a ruler's headdress. In the 15th–17th centuries, the jigha served as a key status symbol across Turkic-Mongol states and functioned in the Kazakh Khanate as a khanly, sultanic, and military emblem until the late 18th century. After the decline of khanate power and the batyr institution, both the term and the tradition disappeared. The study offers insight into the military and authority symbolism of nomadic cultures.

Keywords: Jikka, jigha, sultan, egret, social status emblem, symbol of khan's authority.

For citation: Akhemtzhan K.S. The tradition of wearing jigha – a symbol of high social status among nomadic peoples // Madeni mura. 2025. №4 (111). pp. 7-26 (in Kaz.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2025.v24.i4.01

Автор туралы мәлімет:
Ахметжан Қалиолла, тарих ғылымдарының кандидаты, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0009-0007-9404-4758

Сведения об авторе:
Ахметжан Калиолла, кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института археологии им. А. Х. Маргулана, Астана, Казахстан.
ORCID: 0009-0007-9404-4758

Information about author:
Akhmetzhan Kaliolla, Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher of the Institute of Archeology under the name of A. Margulan, Astana, Kazakhstan.
ORCID: 0009-0007-9404-4758